

The background of the image is a deep blue, showing several spherical coronavirus particles. Each particle has a dark, textured center and is surrounded by a layer of white, hair-like spikes (glycoproteins) that give them a crown-like appearance. The particles are scattered across the frame, with some in sharp focus and others blurred in the background.

Түрмау



Тұмау немесе грипп (grippus- бас салу, шап беру)- тыныс жолдарының жұқпалы вирустық ауруы. Бұл ауа арқылы жөтелгенде, түшкіргенде, сөйлегенде, шашыраған түкірік пен сілекей арқылы тез тарайды.



Тұмаудың алғашқы белгілері:

- Дене қызуының 39 C° дейін және одан жоғары болуы;
- Бас ауруы;
- Бұлшық еттердің ауруы;
- Әлсіздік, тез шаршағыштық;
- Түшкіру және құрғақ жөтелу;
- Көздің қызаруы, көзден жас ағу;
- Құсу;
- Диарея.

Тұмаудың асқынулары:



Тұмаудың алдын алу:

- Көпшілік жиналатын жерлерге баруды шектеңіз;
- Бөлмелерді желдетіңіз;
- Жуа, сарымсақ, С витаминіне бай тағамдарды қолданыңыз(қырық қабат, қара қарақат, таңқурай, лимон) ;
- Жеке және қоғамдық гигиенаны сақтаңыз;
- Тиімді тамақтану;
- Медициналық бет перде таңу (әрбір 2 сағат сайын ауыстыру);
- Вакцина салдыру;
- Шынығу;
- Қанық ұйқы;

Тұмауды емдеу

Өзіңізді нашар сезінсеңіз, дене қызуыңыз көтерілсе, жөтелсеңіз немесе тамағыңыз ауырса:

- үйде қалыңыз, жұмысқа, мектепке немесе басқа да қоғамдық орындарға бармаңыз
- дереу дәрігерге қаралыңыз
- демалыңыз, сұйықтықты көп ішіңіз
- қолыңызды жиі сабындап жуыңыз, әсіресе жөтелген соң немесе түшкірген соң
- ауырып қалғаныңызды отбасыңызға, достарыңызға хабарлаңыз, адамдармен жақындаспаңыз

Құс тұмауы

Құс тұмауының вирусы алғаш ХХ ғасырдың басында Италияда анықталған және ұзақ бойы адамдар үшін қауіпсіз деп есептелінген. Құс тұмауының вирустары жабайы және үй құстарында, жылқыларда, шошқаларда кездеседі. Жабайы құстар (әсіресе суда жүзетін үйрек, каз, акку және т. б.) әдетте құс тұмауымен ауырмайды, бірақ індеттің таралу көздері болып табылады. Үй құстарды құс тұмауына шалдыққан жағдайда ауру жасырын түрде өтіп, құстардың өліміне соқтырады. Құс тұмауының вирусын адамдардың алғаш жұқтыруы 1997 жылы Гонконгта тіркелген.

Жұғу жолдары

Осы уақытқа дейін вирустың адамнан адамға жұғуы анықталмаған. Сырқаттанғандардың бәрі ауруды құстардан жұқтырған. Вирустың мутациялық өзгерістерге ұшырауына байланысты оның вирулентігі күшейген. Құс тұмауының вирусының таралуы жабайы құстардың көктемге және күзге ұшу бағытына байланысты.

Белгілері

Құс тұмауына шалдыққан науқаста байқалатын белгілер кәдімгі тұмаудың белгілеріне ұқсас. Үйреншікті зертханалық тексерулермен вирус H5N1 штаммы анықталмайды, сондықтан дұрыс нақтама кеш қойылуы мүмкін.

Асқынуы:

- геморрагиялық пневмония
- өкпе-жүрек жеткіліксіздігі
- өкпенің қабынуы
- энцефалопатия

Емі

1997-1999 жылдардағы індеттерден кейін құс тұмауына қарсы вакциналар дайындала басталды, олар клиникалық сынақтардан өтуде. Ем шаралары жүргізілген кезде құс тұмауын емдеуде кәдімгі адам тұмауына қарсы дәрі-дәрмектер жақсы нәтиже берген. Құс тұмауы вирусының "амантадин" және "ремантадин"ге сезімталдығы анықталған.

Назарларыңызға рахмет!!!